Сонымен қатар жаңа жүйе бойынша аттестациядан өткен педагогтердің саны да жыл сайын өсіп келеді. Қазіргі таңда 1718 педагог немесе 48,8 пайызы біліктілік санатына ие. Бұл соңғы жылдары педагогтердің кәсіби өсуге деген қызығушылығы артқанын аңғартады. Дегенмен санаттық құрамға жүргізілген талдау бірқатар мәселелердің де бар екенін көрсетеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «педагог-модератор» санаты басым болғанымен, «педагог-шебер» санаты мүлде кездеспейді, ал «педагог-зерттеуші» санатындағы мамандардың үлесі өте төмен. Бұл ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыстарды күшейту қажеттігін білдіреді.

– Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа жүйе бойынша аттестациядан өткен педагогтердің ең төмен үлесі Целиноград ауданында және Қосшы қаласында байқалады. Педагогтер санының көптігін ескерсек, бұл өңірлерде аттестациялық жұмыстарды жандандыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Орта білім беру ұйымдарының кадрлық әлеуеті де баяндамада кеңінен талданды. Былтырғы мәлімет бойынша, жергілікті мектептерде 17 мың 252 педагог жұмыс істейді. Олардың тоқсан пайыздан астамы жоғары білімге ие, бұл жалпы орта білім беру жүйесінің кадрлық қамтамасыз етілу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді, – деді Әсел Өмірзаққызы.

– Жаңа жүйе бойынша аттестациядан өткен педагогтердің саны 12 мың 950 адамды құрайды, бұл барлық педагогтердің 75 пайыздан астамы деген сөз. Ең жоғары көрсеткіштер Бурабай, Біржан сал, Шортанды және Аршалы аудандарында тіркелген. Ал облыстық орташа деңгейден төмен көрсеткіштер Астрахан және Егіндікөл аудандарында байқалады. Бұл аудандарда педагогтердің кәсіби өсуіне бағытталған жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетіп отырған нақты дерек. Сонымен қатар 1614 педагогтің магистр дәрежесінің болуы мектептерде ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарды дамытуға жақсы мүмкіндік береді.

Алқа отырысында педагог кадрлардың сапасын арттыруға бағытталған бірқатар нақты міндеттер айқындалды. Атап айтқанда, аудандық және қалалық білім бөлімдеріне кадрлық тапшылық пен педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін ескере отырып, педагог кадрлардың сапасын арттыруға арналған жұмыс жоспарларын әзірлеу тапсырылды. Сонымен қатар тестілеуден өте алмаған педагогтерге жеке қолдау көрсету, кәсіби даму траекторияларын қалыптастыру, тәлімгерлік институтын дамыту, сондай-ақ педагогтердің жаңа жүйе бойынша аттестациядан өтуін кеңейту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Баяндамашы сөзінің соңында педагог кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру – білім сапасын жақсартудың негізгі кепілі екенін айрықша атап айтты. Мұғалімнің кәсіби дамуы, оның шығармашылық әлеуеті мен жауапкершілігі артқан сайын білім беру жүйесінің тиімділігі де жоғарылай түседі. Сондықтан педагогтің мәртебесін көтеру, кәсіби қоғамдастықтарды дамыту және тәлімгерлік мәдениетін қалыптастыру білім саласының басым бағыттарының бірі болып қала бермек.

**Өмірбек МҰРАТБЕКҰЛЫ,**
**Ақмола облысы,**
**Көкшетау қаласы**

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

# Ұлттық рух пен ұрпақтар сабақтастығы



**Көктемнің шуақты күндерімен қатар келген әз-Наурыз мейрамы аясындағы онкүндіктің ерекше бір белесі – наурыз айының 16-сындағы «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні». Ұлттық болмысымызды ұлықтап, өткенімізді өрістетіп, келешегімізге кемел бағыт сілтейтін бұл маңызды күн біздің білім шаңырағында да жоғары деңгейде ұйымдастырылды.**

Ұйымшыл ұжымдағы ұстаздар мен сегізінші сынып оқушыларының бірлескен тағылымды іс-шарасы тек көзқуаныш мерекелік жиын ғана емес, нағыз рухани тәрбие алаңына айналды. Мектеп дәлізінде арнайы бой көтерген еңселі киіз үй, ұлттық нақыштағы ою-өрнекпен көмкерілген орта мен бауырсаққа толы ақ дастархан бірден қазақи ауылдың жылы атмосферасын сыйлады. Ұлттық киімдерін жарқырата киген, қолдарына қасиетті қара домбырасын алған сегізінші сынып оқушыларының өнері көрермендi тәнті етті.

Олардың күмбірлете төккен күйлері мен нақышына келтіре оқыған жыр-шумақтары жас буынның өз тамырынан ажырамағанын, ұлттық өнерге деген терең құрметін айқын аңғартты. Бұл басқосудың ең басты құндылығы – ұрпақтар сабақтастығының шынайы көрініс табуында жатыр. Мерекелік шараға арнайы қонақ ретінде шақырылған қазыналы қарттарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміздің киіз үй төрінен табылуы жиынның мән-мағынасын тіпті тереңдете түсті. Аталарымыз бен әжелеріміз жас буынға өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, әдеп-ғұрпымыздың мәнін түсіндіріп, атадан балаға мирас болған құндылықтарды кеңінен дәріптеді.

Қазақы қонақжайлылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды асыл қасиеттердің маңызын айрықша атап өтті. Қариялардың тағылымды әңгімелері, ұлттық тәрбие жайлы айтқан ақыл-кеңестері мен мейірімге толы ақ батасы оқушылардың санасына сіңіп, жүректеріне жол тапқаны сөзсіз. Мұғалімдер қауымының бұл үдерісті шебер ұйымдастырып, балалар мен аға буын арасындағы алтын көпірге айнала білуі – білім ордасының үлкен жетістігі.

Сайып келгенде тағылымға толы терең тарихы бар ағарту ошағындағы әріптестер мен шәкірттердің қатысуында ұтымды ұйымдастырылған бұл бірегей басқосу жалаң сөзбен емес, нақты іспен ұлттық құндылықтарды насихаттаудың жарқын үлгісі болғаны анық. Мәдениет пен дәстүрді жас ұрпақ бойына сіңіру – біздің басты ұстаздық борышымыз. Тамырын тереңнен алған, өз тарихы мен дәстүрін қадірлейтін ұрпақ қана елдің жарқын болашағын құра алады.

**№210 мектеп-лицейдің**
**8-сынып жетекшілері,**
**Алматы қаласы,**
**Алатау ауданы**

БАЛАУСА БАСЫЛЫМ

# «Елсана» – мектеп руханиятының жаршысы

**Біздің білім ордасындағы қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының бастамасымен «Елсана» газетінің салтанатты тұсаукесері ұйымдастырылды. Алтын ұя құтты шаңырағымыздағы бұл айтулы шара ұстаздар мен оқушылар үшін ерекше қуаныш пен мақтанышқа толы сәт болды. Себебі мектептен бастау алған басылым жас ұрпақтың ой-санасын байытып, шығармашылыққа жетелейтін рухани алаңға айналып отыр.**

«Елсана» газеті биыл қаңтар айында Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мерзімді баспасөз басылымдарын және интернет-басылымдарды есепке қою туралы куәлік алып, ресми түрде тіркелді. Бұл мектеп газетінің ақпарат кеңістігіндегі орнын айқындап, оның жұмысына жаңа серпін берген маңызды қадам болды. Бірегей басқосуға балауса басылымның негізін қалаушы Ләтипа Әуешова, мектептің ардагер ұстазы Әрік Күдербаева және белгілі журналист Гүлмира Әбіқай арнайы қонақ болып қатысты.

Арнайы шақырылған мәртебелі меймандар жас оқырмандарға жүрекжарды тілектерін айтып, баспасөздің қоғамдағы маңызы, журналист мамандығының жауапкершілігі туралы әсерлі ойларымен бөлісті. Кездесу барысында оқушылар көкейлерінде жүрген түрлі сұрақтарын қойып, қызықты әңгіме өрбіді. Жас буынның ізденісі мен қызығушылығы қонақтарды да қуантты. Мектеп директоры Ерік Нұрғұмарұлы сөйлеген сөзінде газеттің ұлт санасын жаңғыртудағы, жас ұрпақтың ой-пікірін қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталды.

Оның айтуынша, мектеп қабырғасынан жарық көретін басылым оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, елжандылықты қалыптастыруға да ықпал етеді. «Елсана» газетінің тарихы тереңде жатыр. Басылым алғаш рет осыдан жиырма жылдай бұрын, яғни 1997 жылғы қаңтар айының 28-інде жарық көрген. Содан бері мектеп өмірінің айнасына айналған газет өз оқырмандарымен үздіксіз қауышып келеді. Бүгінде басылым ай сайын шығады.

Оның беттерінде мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың танымдық мақалалары, ой-толғамдары мен шығармашылық туындылары жарияланады. «Елсана» газеті – мектеп өмірін бейнелейтін қарапайым басылым ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғап тұрған рухани көпір. Ол жас буынды білімге, ой еркіндігіне, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге жетелейтін маңызды ақпарат алаңы болып қала бермек.

**А.Байтұрсынов**
**атындағы №139**
**мектеп-гимназияның**
**ұстаздар ұжымы,**
**Алматы қаласы,**
**Әуезов ауданы**



КІТАП ӘЛЕМІ

# Жас оқырмандардың жаңа мектебі

**Ақпарат тасқыны судай тасыған мына заманда оқушының кітап оқуға құмарлығын ояту – мұғалімнің парызы. Әлеуметтік желінің жетегінде кетпей, көркем әдебиеттен нәр алған бала, ең алдымен, сөз қадірін ұғатын, тәрбиелі, адамгершілігі мол тұлға болып қалыптасады. Рухани-адамгершілік болмысымен қоса логикалық ойлауы мен танымдық қабілеті өседі.**



Олай болса, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері кітап оқуға, оқыған көркем туындыны талдап, ойға тоқуға, өзіндік қорытынды жасауға тәрбиелеуі тиіс. Биылғы жылдан бастап лицейімізде «Кітап әлемі» атты оқырмандар клубы өз жұмысын бастады. Бұл клубтың мақсаты – оқушыларды көркем шығармаларды оқуға, әдебиетті сүюге баулу және эстетикалық-этикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқырмандар клубына қатысушылар алғашқы күннен бастап-ақ әдебиеттің тәрбие құралы екендігін тануда.

Олар Сапарғали Бегалиннің «Шоқан асулары» хикаятын, Оралхан Бөкейдің «Ауыл хикаялары» топтамасын оқып, әдеби талдау жасауға машықтана бастады. Енді наурыз айында Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» кітабын оқуда. Белгіленген жоспар бойынша ай сайын әртүрлі форматта пікір алысу, сахналық қойылым, әдеби конференциялар мен кештер ұйымдастырылмақ.

Оқырмандар клубының ауқымды жұмысы оқушыларға көркем өнерді сүюге арналады. Атап айтқанда, 13 наурыз күні Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» туындысы бойынша қойылған спектакльді көру ұйымдастырылды. Осы орайда балалардың театр өнеріне деген қызығушылығын ояту үшін қойылым ата-аналарымен бірлесе отырып тамашаланды. Мұның өз нәтижесін бере бастағаны – қуантарлық үрдіс. Театр қойылымын көру, актёрлердің шеберлігін тани білу, ата-анасымен алған әсерін бөлісу – тәрбиенің маңызды бір қадамы.

«Кітап әлемі» клубы тек кітап оқумен шектелмей, көркем туындыдан рухани нәр алуды басты бағыт санайды. Алдағы уақытта Алаш арыстары мұраларымен, Мұхтар Шахановтың шығармаларымен терең танысып, театр актёрлері мен ақын-жазушылармен кездесу жоспарланып отыр. Әдебиет сабағында оқу бағдарламасы бойынша берілген шығармалармен қоса қазақ әдебиетінің жауһарларымен танысып, «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасын іске асыру, баланың кітапқа деген құлшынысын қалыптастыру – педагогтің абыройлы борышы.

**Динара БАЙМУХАМБЕТОВА,**
**№24 лицейдің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі,**
**«Кітап әлемі» жас оқырмандар**
**клубының жетекшісі,**
**Алматы қаласы,**
**Алмалы ауданы**

УАҚЫТ ҮДЕРІСІ

# Жасанды интеллект және академиялық адалдық

**Заманауи білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары тез енгізіліп келеді. ЖИ құралдары – ChatGPT, Google Bard, Jasper сияқты генеративті модельдер – студенттердің оқу үдерісін жеңілдетіп, білімді жедел меңгеруге мүмкіндік береді. Алайда бұл технологиялар академиялық адалдыққа жаңа сын-қатерлер туындатуда. Академиялық адалдық – студенттің өз еңбегін көрсету, ғылыми жұмысында шынайылық пен түпнұсқалық сақтауы болып табылады.**



**Бақытгүл ИБАЙДАЕВА,**
**Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің**
**арнайы пән оқытушысы,**
**Қызылорда облысы**

ЖИ-дің қолжетімділігі плагиат, жалған жұмысты өткізу және дербес ізденіс деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. **Жасанды интеллекттің академиялық адалдыққа қауіптері.** *Плагиат пен жалған мазмұн.* Генеративті ЖИ көмегімен дайын мақалалар, тапсырмалар мен зерттеу мәтіндерін жасау оңай. Бұл студенттердің өз бетімен ойлануын төмендетіп, академиялық нормаларды бұзу қаупін күшейтеді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша ЖИ-мен жасалған мазмұнды дәстүрлі плагиаттан анықтау қиын, өйткені мәтіндер адам жазған сияқты көрінеді.

*Бағалау әдістерінің шектеулері.* Дәстүрлі тапсырмалар мен эсселердің орнына студенттер ЖИ-ден жауапты көшіріп алады, бұл білім сапасын бағалауға теріс әсер етеді. Бұл, әсіресе, тестілік немесе онлайн тапсырмаларда айқын байқалады. *ЖИ-ді дұрыс түсінбеу және этикалық сауатсыздық.* Студенттердің көпшілігі ЖИ-ді пайдалану этикасын түсінбейді: олар ЖИ-дің жауаптарын өзінің жұмысындай ұсынады, бұл академиялық адалдыққа тікелей қарсы келеді.

**Академиялық адалдықты сақтау бойынша шешімдер.** *Бағалау әдістерін қайта құру.* Оқу орындары ЖИ-ге жауапты қолжетімділікті ескере отырып, бағалау жүйесін жаңартуы қажет. Мысалы: ауызша есеп беру, практикалық тапсырмалар, сыни ойлауды қажет ететін жеке жобалар. *Студенттер мен оқытушылардың этикалық дайындығы.* ЖИ-ді дұрыс қолдану бойынша нұсқаулықтар мен тренингтер енгізу маңызды. Бұл студенттерге ЖИ-ден алған ақпаратты қалай пайдалану керек екенін үйретеді және жауапкершілік сезімін қалыптастырады. *Технологиялық шешімдер.* Алгоритмдік құралдар – стилометрия, салыстырмалы анализ және машиналық оқыту арқылы ЖИ-мен жасалған мәтіндерді анықтауға көмектесетін модельдерді қолдану ұсынылады.

**Академиялық саясат пен стандарттарды жаңарту.** Білім беру ұйымдары ЖИ-ді қолдану бойынша арнайы ережелер жасап, студенттердің ЖИ-ді қай жағдайда және қалай пайдаланатыны туралы нақты талаптар қоюы тиіс. Бұл бұзушылықтарды азайтуға септігін тигізеді. Жасанды интеллект тек техникалық құрал емес, ол білім беру философиясына әсер ететін факторға айналып отыр. Егер студент білімді іздеу, талдау және синтездеу үдерісін ЖИ-ге толықтай жүктейтін болса, онда танымдық дағдылардың әлсіреу қаупі туындайды. Әсіресе, сыни ойлау, дербес пікір қалыптастыру және ғылыми аргументация жасау қабілеттері төмендеуі мүмкін.

Сонымен қатар ЖИ-дің шексіз қолжетімділігі «академиялық еңбектің құндылығы» ұғымын қайта қарастыруды талап етеді. Бұрын мәтін жазу негізгі дағды болып саналса, енді ақпаратты саралау, тексеру және ЖИ берген жауапты ғылыми тұрғыдан бағалау маңыздырақ бола бастады. Демек, академиялық адалдық тек плагиат мәселесі емес, интеллектуалдық жауапкершілік мәселесі.

Жасанды интеллект білім беру саласын түбегейлі өзгертіп отыр. Ол оқу процесін жеделдетеді, дербестендіреді әрі қолжетімді етеді. Алайда академиялық адалдық қағидалары сақталмаған жағдайда, ЖИ білім сапасының төмендеуіне, интеллектуалдық тәуелділікке және ғылыми құндылықтардың әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан негізгі мақсат – оған қарсы күресу емес, ЖИ-ді жауапты және этикалық тұрғыда пайдалану мәдениетін қалыптастыру. Академиялық адалдық жаңа цифрлық дәуірде тек ереже емес, саналы таңдау мен кәсіби жауапкершіліктің көрсеткіші болуы тиіс.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

# Scaffold-карточки в структуре современного урока

**Цифровая трансформация образования предъявляет новые требования к организации учебного процесса и формированию компетенций обучающихся. Сегодня педагог ориентирован не только на передачу предметных знаний, но и на развитие комплексных навыков, включающих hard skills, soft skills и digital skills. Одним из эффективных инструментов планирования современного урока выступают scaffold-карточки, основанные на принципах педагогического сопровождения и постепенного усложнения учебных задач.**



**Ақжарқын НҰРМАНОВА,**
**преподаватель специальных**
**дисциплин ГКП на ПХВ**
**«Колледж общественного**
**питания и сервиса»**
**акимата г. Астаны**

Scaffold-карточки представляют собой структурированные задания, направленные на поэтапное освоение учебного материала. Они позволяют обучающимся двигаться от простых действий к более сложным, обеспечивая поддержку на каждом этапе выполнения задания. Такой подход способствует формированию hard skills, профессиональных и предметных умений, необходимых для успешного выполнения практических задач. Например, в профессиональном образовании scaffold-карточки могут включать технологические алгоритмы, инструкции, схемы и практические кейсы.

Не менее важным аспектом является развитие soft skills. Использование карточек в групповой и проектной работе стимулирует коммуникативные навыки, критическое мышление, способность к сотрудничеству и принятию решений. Обучающиеся учатся распределять роли, аргументировать свою позицию и оценивать результаты деятельности, что повышает их готовность к профессиональной и социальной адаптации.

В условиях цифровизации особое значение приобретает формирование digital skills. Scaffold-карточки могут быть интегрированы с цифровыми платформами, интерактивными сервисами и образовательными приложениями. Это позволяет развивать навыки поиска, анализа и обработки информации, работы с цифровыми инструментами и создания собственных образовательных продуктов. Таким образом, традиционные методы обучения дополняются современными технологическими решениями.

Эффективность применения scaffold-карточек во многом зависит от грамотного планирования урока. Педагогу необходимо учитывать уровень подготовки обучающихся, цели занятия и ожидаемые образовательные результаты. Важно обеспечить постепенное снижение степени поддержки, стимулируя самостоятельность и ответственность за обучение.

Таким образом, scaffold-карточки являются универсальным инструментом организации современного урока, способствующим формированию комплексных компетенций обучающихся. Их применение позволяет повысить качество образовательного процесса, адаптировать обучение к требованиям цифрового общества и подготовить студентов к успешной профессиональной деятельности.

AI НАУРЫЗ: ДӘСТҮР МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

# Жаңашылдық пен ұлттық құндылықтардың тоғысқан мерекесі

**Биылғы ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі мектепке дейінгі ұйымдар арасында ерекше форматта аталып ұйымдастырылды деуге толық негіз бар. «AI Наурыз: дәстүр мен технология» атты жалпықалалық іс-шара ұлттық құндылықтарды заманауи технологиялармен ұштастыру арқылы көпшілікке тың серпін сыйлады. Іс-шараның мақсаты: ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптей отырып, оларды қазіргі заманғы жасанды интеллект мүмкіндіктерімен байланыстыру, мектепке дейінгі ұйымдар арасында тәжірибе алмасу, шығармашылық ынтымақтастықты дамыту және жас ұрпаққа рухани құндылықтарды заманауи форматта жеткізу.**



Мерекелік шара басталмас бұрын барлық ұйымдар ұлттық бұйымдар мен ұлттық ойындардан көрме ұйымдастырып, қатысушылар қазақы нақыштағы киімдерімен ерекшеленді. Әрбір ұйым өз логотиптерін таныстырып, ұлттық мәдениеттің байлығын паш етті. Іс-шара шымылдығы жасанды интеллект көмегімен әзірленген «Қош келдің, әз-Наурыз!» бейнеролигімен ашылып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Жүргізушілердің әсерлі сөзі мен әжелердің ақ шашуы мерекенің мәнін арттыра түсті.

Сахна төрінде ұлттық өнер кеңінен насихатталды. Домбыраның күмбірлеген үнімен орындалған күйлер, әсем әндер мен бүлдіршіндердің өнері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы «Еркесылқым» күйі мен халық әндері кештің көркін қыздырды. Сонымен қатар «Қымызмұрындық» салт-дәстүрі сахналық қойылым арқылы көрсетіліп, көрермендерге ата-баба мұрасының маңызы кеңінен таныстырылды. Жасанды интеллект арқылы ұсынылған танымдық мәліметтер дәстүр мен технологияның үйлесімділігін айқын көрсетті.

Басқосу барысында ұлттық киімдер дефилесі ұйымдастырылып, ата-ана мен бала, ата мен немере, әже мен немере секілді түрлі құрамдағы қатысушылар ұлттық киімдердің әсемдігін паш етті. Бұл көрініс ұрпақтар сабақтастығын айқын бейнеледі. Сонымен қатар ұлттық ойындар ойнатылып, жастар мен қатысушылар қазақтың байырғы дәстүрлерімен қайта қауышты. Асық ату, күш сынасу секілді ойындар көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мереке соңы ән мен биге ұласып, барлық қатысушылар сахна төріне жиналып, «Құтты болсын, Наурыз!» әнімен қорытындыланды.

Аталған іс-шара – ұлттық мұраны жаңғырту мен оны заманауи технологиялар арқылы насихаттаудың жарқын үлгісі болды. Бұл бастама жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңірумен қатар инновациялық ойлау қабілетін дамытуға да ықпал ететіні сөзсіз.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Береке мен бірлік әр шаңыраққа серік болсын!

**Айжан УБИШЕВА,**
**№9 «Еркемай» бөбекжайының меңгерушісі,**
**Батыс Қазақстан облысы,**
**Орал қаласы**

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

# Жасанды интеллекттің әсері және даму бағыттары

**Қазіргі жоғары білім беру жүйесі цифрлық трансформация жағдайында дамып келеді. Жасанды интеллект технологиялары ғылыми зерттеулердің әдістерін түбегейлі өзгертіп, студенттердің ғылыми қызметін жаңа деңгейге көтеруде. Әбу Насыр әл-Фараби білім мен ғылымды адамзат дамуының негізгі күші ретінде қарастырған, оның пікірінше, ғылым – ақиқатқа жетудің құралы, ал білім – адамның кемелдену жолы. Бүгінгі күні ЖИ осы идеяларды жүзеге асырудың заманауи құралына айналып отыр.**





**Гүлмира АНДАБАЕВА,**
**доцент-зерттеуші,**
**Асем КАЛИЕВА,**
**PhD, доцент-зерттеуші,**
**әл-Фараби атындағы**
**Қазақ ұлттық университеті**

Студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысуы – жаңа білім қалыптастыруға бағытталған интеллектуалдық үдеріс болып табылады. Қазіргі таңда бұл үдеріс ЖИ технологияларымен тығыз байланысты. ЖИ көмегімен студенттер үлкен деректерді талдай алады, ғылыми мақалаларды жылдам өңдейді және зерттеу нәтижелерін модельдей алады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Атап айтқанда, ғылыми үйірмелер, зерттеу орталықтары, ғылыми жетекшілердің қолдауы, халықаралық конференциялар мен байқауларға қатысу мүмкіндіктері қарастырылған.

Бұл өз кезегінде студенттердің ғылыми әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктердің нәтижесінде студенттер халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми байқауларда жоғары нәтижелер көрсетуде. Мысалы, Торайғыров университетінде өткен халықаралық студенттік ғылыми жұмыстар конкурсында «6B04103 – Экономика білім беру» бағдарламасының 3-курс студенттері Түйме Жаңылай, Ғалымбек Ұлжан және Құдайберген Аяулым «Болашақтың экономикасы: ESG, декарбонизация, технологиялар мен инвестициялар» тақырыбындағы байқауда I орын иеленген.

Сондай-ақ Ресей Федерациясы, Пенза қаласында өткен халықаралық ғылыми-зерттеу конкурсында Қуанышбек Жадыра, Құрманғали Ақбота мен Сакен Диляраның «Глобальная конкурентоспособность национальной экономики: опыт Казахстана» тақырыбындағы ғылыми жұмысы үшін бірінші орынмен марапатталған. Бұл студенттердің ғылыми әлеуетінің жоғары екендігін және университет тарапынан көрсетілетін қолдаудың тиімділігін дәлелдейді. Жасанды интеллект құралдарын пайдалануда бірнеше артықшылықтар мен тәуекелдер бар екендігін ұмытпау керек.

Артықшылықтарына зерттеу процесінің жылдамдауы, үлкен деректермен жұмыс істеу мүмкіндігі және ғылыми нәтижелердің дәлдігін атауға болады. Ал тәуекелдеріне академиялық адалдықтың бұзылуы, ЖИ-ге шамадан тыс тәуелділіктің туындауы және сыни ойлаудың әлсіреуі жатады. Әбу Насыр әл-Фараби ілімінде білім мен ақылдың үйлесімі маңызды деп көрсетілген, сондықтан ЖИ тек көмекші құрал ретінде қолданылуы тиіс. Әл-Фараби идеяларындағы білімнің үздіксіз дамуы қағидасына сәйкес, болашақта студенттердің ғылыми қызметін дамыту үшін ЖИ құралдарын оқу процесіне кеңінен енгізудің маңызы зор.

Цифрлық зерттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми этиканы сақтау және пәнаралық зерттеулерді дамыту бағытында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көптеген шараларды жүзеге асырып келеді. Студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысуы – олардың кәсіби дамуының негізгі факторы болып табылады, ал жасанды интеллект ғылыми қызметтің тиімділігін арттырып, жаңа мүмкіндіктер ашады. Алайда, Әбу Насыр әл-Фараби көрсеткендей, білім мен ғылым адамның рухани және интеллектуалдық дамуына қызмет етуі тиіс. Сондықтан ЖИ мен адам ақылының үйлесімі ғана сапалы ғылыми нәтижеге әкеледі деп есептейміз.

ТӘЖІРИБЕ МЕН ТАҒЫЛЫМНЫҢ ОНКҮНДІГІ

# Бастауыш – шуақты білімнің шаңырағы



**Қазіргі бастауыш сынып – тек әріп пен сан үйрететін орта емес, өз ойын еркін айтатын, сұрақ қоюдан жасқанбайтын, қателесуден қорықпайтын тұлға қалыптастыратын кеңістік. Осы ұстанымды негізге алған біздің білім ордасында «Бастауыш – шуақты білімнің шаңырағы» атты әдістемелік онкүндік ұйымдастырылды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны – мұғалім» деп бекер айтпаған.**

Бұл онкүндік – дәл осы ойдың іс жүзіндегі көрінісі болды. Онкүндіктің ашылу рәсімі дәстүрлі форматтан өзгеше, заманауи креативпен басталды. Сахна қараңғыланып, экраннан цифрлық эффектілер арқылы «Edu-AI-Bastauysh 1.0» жасанды интеллект кейіпкері көрініс берді. Бұл символикалық образ – бүгінгі білім берудегі жаңа технологиялар мен жаңашыл көзқарастың белгісі. Онкүндіктің концепциясы «Шуақты білім әуежайы» атты символикалық модельге құрылды. Білім алу үдерісі – сапар, оқушы – жолаушы, ұстаз – бағыт беруші ретінде алынды.

Бұл тәсіл бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай образдық ойлауына сүйенген. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, мынадай метафоралық құрылым: баланың ішкі күйін ашуға; қорқынышын вербализациялауға; оқу үдерісін эмоционалды қабылдауына және қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыруға ықпал етеді. Ашылу сәтінде оқушылар «жүк» ретінде өз қорқыныштарын атауы – рефлексияның көркем формасы. Бұл бастауыштағы маңызды бағыт – қателесуден қорықпайтын орта қалыптастыру идеясымен үндеседі.

Онкүндік аясында өткізілген сахналық көріністер мен шығармашылық нөмірлер жай ғана концерттік бағдарлама емес, оқыту мен тәрбиенің интеграцияланған формасы ретінде ұйымдастырылды. Көлеңке театры форматында ұсынылған «Бастауыш – шуақты білімнің шаңырағы» композициясы оқушының даму траекториясын кезең-кезеңімен бейнеледі: алғашқы қадам, ұстазбен кездесу, сенімнің қалыптасуы, өсу. Бұл тәсіл: көрнекілік принципін; символдық ойлауды; ұжымдық әрекетті; эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталды.

Ұлттық музыка элементтерінің қолданылуы – мәдени тамырмен байланыс орнатудың тиімді жолы. Бастауыш сыныптың оқушысы үшін ұлттық үн – тек әуен емес, құндылықтарды сезіну алаңы. Жабылу салтанатындағы «Ұшақ ішіндегі әңгіме» көрінісі бастауыш білімнің басты нәтижесін көрсетті: бала енді сұрақ қоюдан қорықпайды. Бұл – қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды көрсеткіштердің бірі. Себебі білім сапасы тек үлгеріммен өлшенбейді, ол – баланың еркін ойлауымен, пікір білдіруімен, сенімділігімен айқындалады.

Онкүндік мазмұнында: рефлексия; ынтымақтастық пен шығармашылық еркіндік және ұстаз бен оқушы арасындағы серіктестік қатынас анық байқалды. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде баланың табиғатына жақын әдісті қолдану қажеттігін айтқан. Біз осы қағиданы заманауи форматта жүзеге асырып келеміз. Бұл онкүндік – жай ғана іс-шара емес.

Бұл – бастауыштағы педагогикалық ізденістің, шығармашылық ойлаудың және кәсіби бірліктің нәтижесі. Бұл – баланың қорқыныштан сенімге, білмегеннен ізденіске, сұрақтан жауапқа жеткен сапары. Бастауыш – шынында да шуақты білімнің шаңырағы. Ал сол шаңырақтың берік болуы – ұстаздың шеберлігі мен жүрек жылуына байланысты. Бастауыш – білім жүйесінің іргетасы. Іргетас берік болса, ғимарат та мығым болады.

**Айым БАЛТАБЕКОВА,**
**А.Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,**
**Алматы қаласы, Әуезов ауданы**

ҰЛТТЫҚ КОД

# Наурыз – дәстүр мен береке бастауы

**Біздің арнаулы оқу орнында наурыз айының он төртіндегі көрісу күнінен бастап Ұлыстың ұлы күніне дейін арнайы жоспар құрылып, әр кафедрада салт-дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымызды насихаттау бағытында тәлімдік және тәрбиелік іс-шаралар жүзеге асты.**





**Темірлан ҚАЙЫРЖАНОВ, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**

Көрісу күні – қазақ халқының көктемді қарсы алу дәстүрлерінің бірі. Бұл күн, әсіресе, еліміздің батыс өңірінде кеңінен атап өтіледі. Адамдар бір-бірімен амандасып, қыстан аман шыққанына қуанып, өкпе-ренішті ұмытып, татуласады. Көрісу күні қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушылық құрамы мен студенттері осы мерекесінің маңыздылығы туралы тағылымды шараға жиналды. Наурыздың 15-і күні қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастырып, мұқтаж жандарға қолдау көрсетуге ерекше мән беріледі. Осындай игі істер аясында колледжіміздің «Ынтымақ» қайырымдылық клубы мен Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кафедрасы және барша оқытушылары мен студенттер үлес қосуда. Наурыздың он алтысы – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, қазақ халқының бай мәдениеті мен салт-дәстүрлерін насихаттауға арналады. Осыған орай ұйымшыл ұстаздар ұжымында «Бесікке салу» дәстүрі мен «Тұсау кесу» дәстүрін дәріптеу мақсатында Педагогика және психология кафедрасының оқытушылары мен студенттері тәрбиелік бағытта сахналық көрініс көрсетіп, салт-дәстүрлерімізді кеңінен насихаттады. Наурыз айының он жетісі – Шаңырақ күні. Осы атаулы күнге орай «Құда түсу» дәстүрі мен «Беташар» дәстүрін дәріптеу мақсатында Шет тілі кафедрасының оқытушылары мен студенттері танымдық іс-шара ұйымдастырды. Наурыздың он сегізі – Ұлттық киім күні. Бұл күнге орай Көркем еңбек және технология кафедрасы ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында ұлттық стильде сән үлгісін көрсету бойынша көлемді де келелі іс-шараны тамашаладық. Наурыздың он тоғызы – Жаңару күні. Соған орай Жаратылыстану және қоғамдық пәндер кафедрасы колледж қабырғасында гүлдер көрмесін ұйымдастырып, студенттерді табиғатты аялауға шақырды.

Наурыз айының жиырмасы – Ұлттық спорт күні. Бұл күн қазақ халқының ұлттық спорт түрлерін дәріптеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға арналған. Ақпан айының 11-27 аралығында Ұлттық лиганың облыстық кезеңінде колледж командасы бірнеше мәрте жеңіске жетті. Волейболдан қыздар командасы – бірінші орын, жетекшісі – Рабиға Серікқалиқызы. Футзалдан қыздар командасы – бірінші орын, жетекшісі – Аяпберген Қадырғалиұлы. Үстел теннисінен командалық есепте – екінші орын, жетекшісі – Айсауле Серикказиевна. Баскетболдан қыздар командасы – алдыңғы сап, жетекшісі – Абзал Сырымұлы. Тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан жалпы командалық есепте – бірінші орын, жетекшісі – Айгүл Аманжановна. Дене шынықтыру және спорт кафедрасының осы жетістіктеріне қуанамыз.

Наурыздың жиырма бірі – Ынтымақ күні. Наурыз мейрамы аясында ерекше маңызға ие және халықтар арасындағы достықты, бірлік пен татулықты нығайтуға арналған. Бұл күн – еліміздегі түрлі ұлт өкілдері өзара сыйластық пен келісімде өмір сүретінін дәріптеуге бағатталған. Осы атаулы күнге орай колледжімізде Тәрбие бөлімінің, Музыка және Орыс тілі және әдебиеті МИФ кафедрасы, Студенттер үйі мен барша білім беру кафедралары бірігіп жоғары деңгейде «Дәстүр мен береке бастауы – Наурыз!» тақырыбындағы мерекелік іс-шараны ұтымды үйлестірді. Іс-шара аясында ұлттық салт-дәстүрлерін бен салт-жоралғыларымыз қалың жұртқа көрсетілді. Әсем ән мен тәтті күй, тағылымды сахналық қойылым көрсетілді.

ИНФОРМАЦИЯ

## Отчёт Общественного фонда «Финансовая культура Казахстана» за период 2025-2026 годы

Общественный фонд «Финансовая культура Казахстана» (далее – Фонд) зарегистрирован в 2021 году и действует в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан на основании своих учредительных документов.

Фонд является некоммерческой организацией, не имеющей членства, учреждённой гражданами на основе добровольных имущественных взносов, преследующей социально-культурные, научно-просветительские, образовательные, благотворительные и иные общественно-полезные цели.

### Проведённая работа

Фонд ведёт общественный проект, направленный на повышение уровня финансовой и потребительской грамотности населения страны. Проект называется «Stop-Piramida.kz».

Цель проекта – реальное повышение уровня финансовой, цифровой культуры казахстанцев для самостоятельного и быстрого выявления мошенников и аферистов.

Сам проект, сервисы и консультации – бесплатные.

### Отчёт о финансовом положении (данные в тенге)

| Поступило | |
|---|---|
| Деньги и другое имущество, полученное на безвозмездной основе | ***36 279 132*** (Тридцать шесть миллионов двести семьдесят девять тысяч сто тридцать две) тенге. |
| Расходы | |
| Содержание некоммерческой организации | ***36 301 359*** (Тридцать шесть миллионов триста одна тысяча триста пятьдесят девять) тенге. |

**Н.Д. ШАРДАРБЕКОВ, заместитель Генерального директора ОФ «Финансовая культура Казахстана»**

ХАБАРЛАНДЫРУ / ОБЪЯВЛЕНИЕ

Абай облысы Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі аудандаралық сотында Абай облысы білім басқармасының «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Мекеменің мекенжайы: Абай облысы, Семей қаласы, Қаржаубайұлы көшесі, 249А. Аталған іс Яковлева Светлана Николаевна, 1968 жылғы 3 мамырда, Шығыс Қазақстан облысында туған, тұрғылықты мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Зырянов ауданы, Зубовск ауылы, Усть-Березовская көшесі, 41 – хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы. Яковлева Светлана Николаевнаның жүрген жері туралы мәліметі бар азаматтардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

Межрайонным судом по гражданским делам города Семея области Абай возбуждено гражданское дело по заявлению коммунального государственного учреждения «Центр поддержки детей с особыми образовательными потребностями» управления образования области Абай, расположенного по адресу: область Абай, город Семей, улица Каржаубайулы, 249А, о признании Яковлевой Светланы Николаевны, 3 мая 1968 года рождения, уроженки Восточно-Казахстанской области, проживающей по адресу: Восточно-Казахстанская область, Зыряновский район, село Зубовск, улица Усть-Березовская, 41, безвестно отсутствующей. Лицам, имеющим сведения о месте пребывания гражданки Яковлевой Светланы Николаевны, просим сообщить об этом суду в трёхмесячный срок со дня публикации.

ТОО «CAPITAL GLOBAL S.A.», БИН 190640027832, юридический адрес: 050047, город Алматы, Алатауский район, Коккайнар мкр., улица Иманова, дом 7, уведомляет о своей ликвидации.

Требования кредиторов принимаются в течение 2 (двух) месяцев со дня публикации по адресу: 050047, город Алматы, Алатауский район, Коккайнар мкр., улица Иманова, дом 7.

Ликвидатор: Данилко Андрей Семенович, ИИН: 650821300434, телефон: 8 705 991 9496, 8 771 781 5073.

«Avalon Building» ЖШС «Астана қаласы, Нұра ауданы, Қазыбек би және Е75, Е77 көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайы бойынша салынған үй-жайлары, паркингі және Балабақшасы бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. 2-кезек (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз)».

Жария талқылаулар 07.04.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және т.б. https: //ndbecology.gov.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашысы – «Avalon Building» ЖШС. Тел. +7 701 250 3081.

«Хасанова Г.А.» ЖК РҚБ жобасын әзірлеуші. Тел. +7 (702) 970-79-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ. Тел. +7 (7172) 55-75-08.

ТОО «Avalon Building» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство многоквартирного жилого комплекса со встроенными помещениями, паркингом и детским садом, по адресу: город Астана, район Нұра, район пересечения улиц Қазыбек би и Е75, Е77. 2 очередь (без наружных инженерных сетей и сметной документации)».

Публичные обсуждения состоятся с 07.04.2026 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР https: //ndbecology.gov.kz..

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Avalon Building» тел. +7 701 250 3081.

Разработчик проекта РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» тел. +7 (7172) 55-75-08.

Бас редактор:
**Ләззат Мақсұтқызы Түркістанова**

«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.
Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі: 64603.

Редакциялық кеңес: **Онланбекқызы Г.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор; **Мұқанова С.Д.**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент; **Набатникова Т.И.**, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер.

Шығарушы редактор: **Жанет Сүлейменова** (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша) | Дизайн және беттеу: **Эрик Муратов**

**Редакция мекен жайы:**
ҚР, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18.
**E-mail:** bilimdi_el@mail.ru

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.

**Таралымы:** 15 000 дана
**Тапсырыс:** 59
Газет апта сайын сейсенбіде шығады

ДАРАБОЗ ДАРЫНДАР

# Білім бәйгесіндегі үздіктердің үлгісі




**Астана қаласында наурыз айының 20-25 күндері аралығында 9–11(12) сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша биология және физика пәндерінен республикалық олимпиада ұйымдастырылған болатын. Негізгі мақсаты – дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын тереңдетумен қатар жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауды көздейді.**



Сонымен қатар олимпиада арқылы дарынды балаларды анықтап, оларды халықаралық олимпиадаларға қатысуға іріктеу және дайындау. Білім додасы теориялық және практикалық кезеңдерді құрап, оған еліміздің әр өңірінен үш жүз бес үміткер қатысты. Біздің аймақтың намысын облыстық олимпиаданың 16 оқушысы қорғап, он бір медальге ие болды (3 алтын, бес күміс және 3 қола). Алтын медаль иегерлері: Уткин Николай, дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің 8-сынып оқушысы (физика, мұғалімі – А.Билида), Билялов Нурали және Қайркен Ерсұлтан, ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының 10, 11-сынып оқушылары (биология, мұғалімі – О.Әмзеев).

Күміс медаль иегерлері: ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының 9, 10-сынып оқушылары Ғабдулжағыпар Аңсар, Саматұлы Алимұхаммед (биология, мұғалімі – О.Әмзеев), дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің 8, 10-сынып оқушылары Шакуов Даниал (физика, мұғалімі – А.Билида), Сагиденова Камила (физика, мұғалімі – А.Захаров) және Титков Дмитрий, дарынды балаларға арналған №3 гимназияның 11-сынып оқушысы (биология, мұғалімі – Б.Каирбаева). Қола медаль иегерлері: дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы Перепелица Даниил (физика, мұғалімі – А.Билида), дарынды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының 8, 10-сынып оқушылары Антмухаметов Шадияр (биология, мұғалімі – О.Әмзеев) және Қайырбек Исмаил (физика, мұғалімі – Дулатұлы Ерасыл).

Қостанай қаласында осы айдың 19-24 күндері 9–11(12) сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша математика және информатика пәндерінен республикалық олимпиаданың басты ұстанымы дарынды оқушыларды анықтау, олардың ғылыми әлеуетін дамыту және халықаралық олимпиадаларға дайындалатын ұлттық құраманы қалыптастыруға бағытталған еді. Сынақ сайысында еліміздің барлық өңірлерінен үш жүз он дарынды ұл-қыздар бақ сынады (математика пәні бойынша – 161, информатика пәні бойынша – 149). Олимпиада барысында қатысушылар алгоритмдік ойлау, күрделі есептерді шешу, бағдарламалау және терең математикалық талдау дағдыларын көрсете білді.

Өңірдің намысын қорғаған облыстық олимпиаданың он жүлдегері алты медальге ие болды (төрт күміс пен екі қола). Математика пәні бойынша күміс медаль иегерлері: дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушылары Шубладзе Юрий, Катунина Юлия (мұғалімі – Лилия Викторовна Стадникова), «Жас дарын» мамандандырылған мектеп-лицейдің 8, 9-сынып оқушылары Жандельдинов Бексултан (мұғалімі – Арыстан Анатольевич Текенов), Ғаллам Әлішер (мұғалімі – Кымбат Ораловна Омарова).

Қола медаль иегерлері: дарынды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Ермек Әділ (информатика, мұғалімі – Хумархан Жантилек) және дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің 8-сынып оқушысы Куракбаев Алихан (математика, мұғалімі – Владимир Григорьевич Шкиль). Павлодарлық жетінші сынып оқушысы тоғызыншы сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық информатика олимпиадасында жеңіске жетті.



Павлодар қаласындағы №38 жалпы орта білім беру мектебінің жетінші сынып оқушысы, лицей сыныбында білім алатын Имран Құсанов жуырда республикалық ауылдық информатика олимпиадасында жүлделі бірінші орын алды. Шәкірт жетінші сынып оқушысы бола тұра, 9-сынып оқушылары арасында сынға түсіп, мектеп бағдарламасынан әлдеқайда жоғары білім деңгейін көрсетті. Ол ерте жастан компьютерге, математикаға және технологияларға қызығушылық танытуымен ерекшеленетін. Уақыт өте келе информатика пәніне деген сүйіспеншілік оны жетістікке жетуге ынталандырды.

Алгоритмдік есептерді шешу оған ерекше қызығушылық сыйлайды, ал олимпиадаларға қатысу оның дамуына және кәсіби өсуіне ықпал етеді. Республикалық информатика олимпиадасы жыл сайын еліміздің ең үздік оқушыларын біріктіреді. Қатысушыларға алгоритмдік тапсырмалар, дерекtермен жұмыс және бағдарламалық шешімдер әзірлеуді қамтитын күрделі тапсырмалар ұсынылады. Соңғы екі жыл ішінде кішкентай кейіпкеріміз қалалық деңгейден республикалық дәрежеге дейінгі сайыс жолынан өтті. Оқушы қалалық, облыстық және республикалық олимпиадаларда сәтті өнер көрсетіп, жоғары дайындық деңгейін көрсетті.

– Олимпиадаға қатысу мен үшін маңызды тәжірибе болды. Әр кезең маған жаңа білім берді. Тапсырмалар күрделі болды, әсіресе алгоритмдерді терең түсінуді және жылдам шешім қабылдауды талап ететін тапсырмалар мені шыңдады. Дегенмен дәл осындай жарыстар менің дамуыма ықпал етті. Ең маңыздысы – информатика пәні мұғалімінің жетекшілігімен атқарылған жұмысымның жоғары нәтижеге жетуі, – деді ол журналистермен жүздесуінде. Имранның информатикаға деген қызығушылығы оның тәлімгері, информатика пәнінің мұғалімі Ертай Соянның ықпалымен қалыптасты. Педагогтің осы білім беру ұйымында жиырма жылға жуық уақыттан бері үздіксіз ізденіспен жұмыс істеген еңбек өтілі бар. Қызықты сабақтар, жеке қолдау мен тұрақты мотивацияның арқасында оқушы алгоритмдер мен бағдарламалау әлемін терең меңгерді.

Radisson Astana базасында халықаралық зияткерлік сайыс – қашықтан өткізілген Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасы және «Жібек жолы» халықаралық олимпиадасы қорытындыланды. Бұл іс-шараға республиканың барлық аймағынан 152 мектеп оқушысы қатысқан. Олимпиадалардың негізгі мақсаты – математикалық ғылымдар саласындағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау, сондай-ақ қатысушы елдер арасында халықаралық білім беру және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға жағдай жасау.

Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасына әлемнің шамамен қырық елінен арнайы келген (Аргентина, Австралия, Канада, Гонконг, Индонезия, Жапония, Қазақстан, Корея, Қырғызстан, Малайзия, Мексика, Жаңа Зеландия, Филиппин, Ресей, Сингапур, Шри-Ланка, Тайвань, Тәжікстан, Түрікменстан, АҚШ, Түркия және тағы басқа да мемлекеттер) үздік үміткерлері бәсекеге түскенін білдік. Қашықтан ұйымдастырылған бұл формат бойынша халықаралық ұйымдастыру комитеті тапсырмалар мен бағалау критерийлерін қатысушы елдердің ұлттық ұйымдастыру комитеттеріне жолдайды, содан кейін жарыс әр елде бір уақытта өткізіледі.

«Жібек жолы» халықаралық олимпиадасының ұйымдастырушысы – Қазақстан. Бұл жарыс Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан елдердің жас математиктерін біріктіруге бағытталған. Биылғы олимпиадаға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия, Әзербайжан, Қытай және басқа мемлекеттердің оқушылары қатысыпты. Тәуелсіз еліміздің оқушылары осы халықаралық олимпиадаларға 2003 жылдан бері белсене қатысып келеді. Бұл зияткерлік жарыстар дарынды жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға және халықаралық академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етеді.

Халықаралық математикалық олимпиадаларда №8 мектеп-лицейі мен ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының оқушылары облыстың намысын лайықты қорғап, алты медаль жеңіп алды! Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасының қорытындысы бойынша: Шубладзе Юрий (№8 мектеп-лицейі), Амантай Рахат («Білім-Инновация» ер балалар лицей-интернаты), 11-сынып оқушылары күміс медальмен марапатталды. 11-сынып оқушысы Катунина Юлия (№8 мектеп-лицейі) қола жүлдегер атанды.

**Павлодар облысы білім басқармасының баспасөз қызметі**

